


Қарағанды қаласының №10 ЖББОМ



Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның табиғат зоналары

география пәнінің мұғалімі
Жанат К.



Мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың Қазақстанның табиғат зоналары туралы білімдерін тереңдету, табиғат кешенінің барлық компоненттерінің бір-бірімен тығыз байланысты екендігі туралы көзқарастарын қалыптастыру;

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау қабілетін, картамен, интерактивтік тақтамен, оқулықпен жұмыс жасай білу, білім-білік дағдыларын жетілдіру, география пәніне қызығушылық қабілетін дамыту; жеке тұлғаны дамыту, талдау, салыстыра білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: оқушыларды еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғай білуге, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу;

Сабақ әдісі: сұрақ - жауап, СТО стратегиялары



Сабақтың түрі: қайталау сабағы

Көрнекілігі: Қазақстанның физикалық картасы, интерактивтік тақта, жануарлар мен өсімдіктер суреттері.

I. Жедел жауап аялдамасы.


- 1. Қазақстанның табиғат зоналар саны**
- 2. Ең солтүстіктегі табиғат зонасы.**
- 3. Орманды дала зонасының топырағы.**
- 4. Қазақстан жерінің 27% алып жатқан табиғат зонасы**
- 5. Дала зонасындағы жауын- шашын мөлшері**
- 6. Дала зонасындағы салмағы 16 кг жететін құс.**
- 7. Жайық өзенінен Алтай тауларына дейін 2900 км созылып жатқан табиғат зонасы.**
- 8. Шөлейт зонасының өзендері.**
- 9. Дәрілік мүйізі үшін қырылу шегінде тұрған сүтқоректі жануар.**
- 10. Республика аумағының 44% алып жатқан зона.**
- 11. Шөл зонасында кездесетін , сантонин дәрі алынатын Қызыл кітабына енген өсімдік.**
- 12. Дала зонасының дәрілік өсімдіктері**
- 13. Дала зонасының жануарлары.**
- 14. Каспий теңізінен Тарбағатай тауына дейінгі зона.**

2. Адамдарға жануарлар аялдамасы. Мына жануарларды дұрыс зоналар бойынша



Топырақтар аялдамасы.

1 топ- орманды дала, 2 топ- дала, 3 топ -шөлейт пен шөл зонасы.Қазақстанның табиғат зоналарын кескін картасына топырақ түрлері мен қарашірік құрамын тауып дұрыс орналастыр.



4.Қазақстанның табиғат зоналарына сипаттама аялдамасы.

Мына сипаттама бойынша қандай табиғат зона екенін тап

1 топқа:

**Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ шөл, ойлы- қырлы панасы бар.
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп- өнген.**



**Жәндіктің киік деген баласы бар.
Бетпақта қысы- жазы ел болмайды,
Ел- жайлау, өзен яғни көл болмайды.**

**Бұтасы қи болады, қара жусан
Көгара бетегелі бел болмайды.**

С. Сейфуллиннің “ Ақсақ киік” поэмасынан алынған өлең шумағы қандай табиғат зонасы туралы айтылған?


2 топқа:

Оқжетпес оқшырайып өрлеп кеткен,

Кеудені керіп өкке сермеп кеткен.

Қия- күз, жоқпар сарай, бура тастар,

Тәртіппен көлді айнала сәндеп шөккен



I. Жансүгіровтың поэмасынан алынған өлеңде қай жер туралы айтылған?

3 топқа:

Бұл табиғат зонасы Қазақстан жерінің 27% алып жатыр. Көп жері жыртылған. Жаздық бидай мен тағы басқа дәнді дақылдар егіледі.

Климатты континентті, жауын- шашын 220- 310 ммдейін түседі.

Жазы ыстық, қысы суық . Боз , бетеге, атқонақ , еркекшөп өсімдіктері өседі. Бұл қандай зона ?



Бекіту тест сынағы.

1. Топырақтың су және жел әрекетінен бұзылуы:

- А) мелиорация**
- В) құнарлығы**
- С) эрозия**
- Д) денудация**
- Е) кептіру**

2. Топырақтың құнарлы қабаты нені деп атайды?

- А) сазды қабатты**
- В) ауыспалы қабат**
- С) қарашірікті қабат**
- Д) құмды қабат**
- Е) құмдауытты қабат**

3. Қазақстанның солтүстігінде орналасқан орманды дала зонасының топырағы

- А) сұр топырақ**
- В) қара топырақ**
- С) сортаң топырақ**
- Д) қоңыр- сұр топырақ**
- Е) сарғылт топырақ**

4. Топырақ деп ... айтамыз.

- А) жердің беткі, жұқа құнарлы қабатын**
- В) батпақты**
- С) құмды**
- Д) тыңайтқышты**
- Е) шаң – тозаңды**

5. Қазақстанның дала зонасының жылдық жауын-шашын мөлшері (мм) :

- A) 300-450
- B) 220-310
- C) 100-250
- D) 100-370
- E) 150-310

6. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген шөл зонасының өсімдігі:

- A) Жүзгін
- B) Дермене жусаны
- C) Құм қарағаны
- D) Бұйырғын
- E) Селеу

7. Шөл зонасындағы өзен аңғарларында әр түрлі өсімдіктерден құралған қалың бұталар:

- A) Тасты шөл
- B) Құмды шөл
- C) Тақыр
- D) Тоғай
- E) *Ну орман*

8. Орманды дала зонасында өсетін ағаштар

- A) Бал қарағай, шырша
- B) Сексеуіл, жыңғыл
- C) Қайың, көктерек
- D) Шырша, қарағай
- E) Май қарағай, тобылғы

9. Қазақстан аумағының % дала зонасы алып жатыр

- A) 26
- B) 27
- C) 28
- D) 29
- E) 30

10. Шөлейт зонасының негізгі топырағы

- A) Қара топырақ
- B) Қызыл қоңыр
- C) Қоңыр
- D) Ашық қара қоңыр
- E) Қызғылт

Дұрыс жауабы

1.с

2с

3в

4.а

5.в

6.в

7.д

8.с

9.в

10.д

Үйге тапсырма:38, 39 параграф оқу.

Сарамандық жұмыс №8 кескін картаға зоналардың шекарасын сызып, боя.Оқулықтың 168 беттегі бір табиғат зонасына жоспар бойынша сипаттама бер.